

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САКТАУ МИНИСТРЛІГІ
ТАУАРЛАР МЕН КОРСЕТІЛІК
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
КАУНІСДІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТИ

АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫң ТАУАРЛАР
МЕН КОРСЕТІЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН КАУНІСДІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫң
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДОРИГЕРІ

КАУЛЫСЫ

10.10.2020

Консультативны



КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
АКМОДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 145
г. орталық мемлекеттік санитариялық дарігерінің

Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу іс-шараларын күшейту туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу максатында «Халық денсаулығы және денсаулық сактау жүйесі туралы» 2020 жылды 07 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107-баптарына, «Пайдада болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, онын ішінде карантин сиязіметін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» 2015 жылды 25 ақпанды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің № 130 бұйрығына және «Шектеу іс-шараларын жүзеге асыру қагидаларын бекіту туралы» 2015 жылды 20 наурызды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің № 239 бұйрығына, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дарігерінің 2020 жылды 26 маусымдағы № 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылды 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дарігерінің № 46 (бұдан әрі – КР БМСД №46 қаулысы), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дарігерінің 2020 жылды 26 маусымдағы № 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылды 14 тамызды ғылыми № 47 (бұдан әрі – КР БМСД-нің № 47 қаулысы), «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дарігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылды 28 тамызды ғылыми №50 (бұдан әрі – КР БМСД-нің №50 қаулысы), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дарігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылды 6 қыркүйектегі № 53 (бұдан әрі – КР БМСД-нің №5 қаулысы), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы еткізу шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылды 2 казанды № 54 (бұдан әрі – КР БМСД-нің №54 қаулысы), «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дарігерінің 2020 жылды 2 қазанды № 54 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» 2020 жылты 05 қазандагы № 55 (бұдан әрі – КР БМСД-нің №55 қаулысы) қаулылашына сәйкес және Ақмола облысының тұрғындары арасында COVID-19 жағдайларының тіркелуіне байланысты (2020 жылдың қазан айында COVID-19 (U07.1) зертханатық расталған 50 жағдай және вирустық пневмонияның (U07.2) 16 жағдайы тіркелді. Ауру 19 әкімшілік аумақтың 5-інде тіркелген: Кекшетау қ. – 36 (70%), Бурабай – 10 (21%), Жақсы – 1 (2%), Зеренді – 2 (5%), Есіл – 1 (2%). 2020 жылғы 13 қазан бойынша расталған және ықтимал жағдайларды тіркеу негізінде репродуктивті саны – 1,21-ді курады) **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақмола облысы аумағында шаруашылық және (немесе) озге де қызметтің және халық омірінің ерекші жағдайларымен эпидемиологиялық жағдайы тұрақтанғанша дейін Ақмола облысының аумағында шектеу іс-шараларын жүргізуі камтамасыз ету.

2. Ақмола облысының тұрғындарына:

1) КР БМСД-нің № 47 қаулыға № 2-көсімшага сәйкес жеке қорғаныш құралдарын (бетперделерді) пайдалану және кәдеге жарату алгоритмін сақтауды және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтауды камтамасыз ету;

2) жергілікті атқарушы, құқық коргау органдарынын, жедел және шұғыл медициналық қомектің, мемлекеттік медициналық мекемелердің, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, орт сондруудің, авариялық-күткеру және авариялық-техникалық қызметтердің қызметкерлерін, сондай-ақ стратегиялық объектілер мен тіршілікті камтамасыз ету объектілерінің өндірістік процесін қамтамасыз стетін қызметкерлерді коспағанда, сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін Ақмола облысының елді мекендерінің аумағы бойынша тұрғындардың жүріп –тұруын шектеу;

3) **65 жастан асқан адамдарға кошеге шыгуды шектеу;**

4) **әлеуметтік қашықтықты және жеке қорғаныш құралдарын (бетперделерді) пайдалану мен кадеге жаратуды сақтай отырып, ойын-сауық объектілерінің саябағтарға, аландарға, скверлерге және өзге де демалыс орындарына тоңта 3 адамнан артық емес немесе бір отбасы мүшелеріне баруға рұқсат беру;**

5) отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, дуга) және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде откізуге жол бермеу;

6) жерлеу іс-шараларын жүргізу кезінде кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, **30 адамнан астам (отбасы мүшелері)** жиналатуға жол бермеу.

3. Ақмола облысының әкімдігі, аудандар мен Кокшетау, Степногорск қалаларының әкімдері, «Атамекен» ӨКП:

1) осы қаулыға 1 - қосымшага сәйкес тиісті Дайындық актілерін алғаннан кейін объектілердің қызметін жандандыруды;

2) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі негізінде;

3) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіреберісінде санитариялық нормаларға Сәйкестік актісін көзге көрсетіп жерге орналастыруды;

4) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен

тәнису үшін InfoKazakhstan.kz сайтында жұмысы туралы хатықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;

5) бұзушылыктарды жою үшін кәсіпкерлердің уақтылы шарапар қабылдауы мақсатында шагымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін InfoKazakhstan.kz сайтты пайдалануды;

6) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді снізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сакталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

7) InfoKazakhstan.kz сайтындағы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуі (шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес, КР БМСД № 43 қаулыға, КР БМСД-нің № 47 қаулыға қосыншаларда айқындалатын 1 адамға белгіленген алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);

8) «InfoKazakhstan» электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін, объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес объектілерінің қызметін кайта бастауға арналған актіні электрондық түрде беруді **камтамасыз** стей.

4. Ақмола облысының әкімдігі, аудандар мен Кокшетау, Степногорск қалааралының әкімдері:

1) көпшілік іс-шараларының (мерекелік, спорттық-көпшілік, ойын-сауық мәдени-көпшілік іс-шараларды, форум, конференция, семинар, корме және т.б. откізуге), отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, дүға), және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде откізуге жол бермеу;

2) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, боулинг орталықтары, компьютерлік клубтар, тұнгі клубтар, жабық үй-жайлардағы балалардың ойын аландары мен аттракциондары, батуттар және басқалар), кинотеатрларының (ашық аудиалық кинотеатрларды қоспағанда), букмекерлік кенеслерінің және ересектер мен балаларға арналған өзге де ойын-сауық орындарының, кальян мекемелерінің (оның ішінде қоғамдық тамактану объектілеріндегі) қызметін тоқтата тұру;

3) **жұмыс күндері сағат 19.00-ге дейін алаңы 1000 ш.м. астам сауда үйлерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының және азық-түлік емес дүкендердің қызметін шектеу, демалыс және мереke күндері тоқтата тұру;**

4) азық-түлік, азық-түлік емес жабық базарлардың (базарлар үлгісіндегі сауда үйлерінің, павильондардың, дүкенлердің және т.б.) қызметін **жұмыс күндері сағат 17.00-ге дейін шектеу, демалыс және мереke күндері тоқтата тұру;**

5) бекітілген кесте бойынша санитариялық күн еткізе отырып, азық – түлік дүкендердің жұмыс кестесін **сағат 09.00 –ден 22.00-ге дейін шектеу;**

6) КР БМСД-нің №43-қаулысының талаптарын сактай отырып (объект персоналы корғау құралдарымен қамтылуы тиіс, колгапсыз, бетпердесіз персонал жұмыска жіберілмейді, келуптілерге қызмет көрсеткен кезде персоналдың

(официант) қолғапсыз, коргау экрансыз жұмыс жасаудың рұқсат берілмейді), адамдардың жаштай жиналуы мүмкін салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды откізбей, бір мезгілде 30 келушіден артық емес, 30-дан кем орналасатын орын бар объектілері үшін-есептік қуаттың 50%-ынан артық емес, үстелдер арасындағы 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес қашықтықта сақтап, жұмыс режимін сағат 08.00-ден 22.00-ге дейін шектей отырып, үй-жайларда қоғамдық тамақтандыру объектілерінде қызметтіне шектеуді;

7) КР БМСД-нің № 43-қаулысының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың (үйм, көсіпорын), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық кампания, мемлекет катысадын озге де үйымдардың қызметтін шектеу. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 80%-ы (штат кестесін бойынша 30 қызметкерден артық) қашықтық жұмыс пысандына ауыстырылуы тиіс;

8) Халыққа қызмет көрсету оргалықтарының (бұдан әрі - ХҚҚО), оның ішінде мамандандырылған ХҚҚО-лардың, ХҚҚО-лардың (бұдан әрі - мамандандырылған ХҚҚО), солорталықтары мен бейнеопператорлардың жұмыс кестесін жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін белгілей отырып, шектеу, ал демалыс және мереке күндері тоқтата тұру; Карантиндік шараларды сактау үшін ХҚҚО-лар мен мамандандырылған ХҚҚО-ларға кезеңін Egov.kz, жедетхат -бот EgovKZBot 2.0 арқылы алдын ала брондау арқылы бару ұсынылады;

9) белгіленген талаптарды сақтай отырып және ұжымдық іс-шараларды откізбей, жұмыс күндері келушілердің санын 30%-дан асырмай, діни объектілердің (меніт, шіркеу, собор, синагога және т. б.) қызметтін шектеу, демалыс және мереке күндері тоқтата тұру;

10) такси қызметінің жүріп-тұруын (2 адамнан артық емес) шектеу;

11) жұмыс күндері автобустардың желіге барынша шығуын, біркелкі жүрү кестесін, отыратын орындар саны бойынша толтырылуын сақтай отырып, қоғамдық көліктің жұмысына рұқсат беру. Күн сайын әрбір рейс алдында (мамандандырылған үйм немесе оқытылған персонал) автобустарды жуу және дезинфекциялау күралдарын қолдана отырып, ондеу жүргізу. Демалыс және мереке күндері қоғамдық көліктің жұмысын тоқтата тұру;

12) қала маңындағы жолаушылар поездарын/электропоездардың көзгальысын, калааралық облысішлік автобустардың, микроавтобус тасымалын жаңдалдыру;

13) КР БМСД-нің № 47 қаулыға 6- қосымшага сәйкес күшеттішін санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, (алдын ала жазылу бойынша, автосалонда 2 клиенттен артық емес, ТКС-да 3 клиенттен артық емес, тұрақты жұмыс орындары арасында кемінде 2 метр қашықтықтың болуы) келушілерге жана спайтын қызмет түрлерін көрсету объектілеріне (көлік жуу, көлік жондеу, тұрмыстық техника жондеу және т.б.) жұмыс тәртібін сағат 08.00-ден 22.00-ге дейін шектелген уақыт бойынша рұқсат беру;

- 14) КР БМСД-нің № 43- қаулыға 14-көсімшага сәйкес 15 адамнан аспайтын топтардың жиынтығын сактау кезінде, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде кезекші топтардың қызметіне рұқсат беру;
- 15) КР БМСД-нің № 43- қаулының талаптарын сактау, алдын ала жазылу бойынша, топтарда 15 адамнан асырмай, балалар кабинеттерінің/түзету орталықтарының, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне рұқсат беру;
- 16) КР БМСД-нің № 47- қаулыға 5- көсімшага сәйкес санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, (келушілердің санын 50%-дан асырмай) ашық ауадагы аттракциондардың жұмысына рұқсат беру;
- 17) КР БМСД-нің № 47 қаулыға 7- көсімшага сәйкес санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, алдын ала жазылу бойынша, клиент залында (4 шаршы метрге 1 адам және оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілей отырып, кресло арасында кемінде 2 метр қашықтық) әлеуметтік қашықтықты сактау мүмкіндігі есебінен келушілердің толтырылуы сакталған жағдайда сұлулық салондарының, шаштараздардың, СПА орталықтарының және косметологиялық қызмет көрсетстін объектілердің қызметіне рұқсат беру;
- 18) КР БМСД-нің № 47- қаулыға 16-көсімшага сәйкес санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, (келушілердің санын 50% - дан асырмай, 4 шаршы метрге 1 адам) қогамдық моншалардың қызметіне рұқсат беру;
- 19) КР БМСД-нің № 47- қаулыға 16-көсімшага сәйкес санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда тана, (әлеуметтік қашықтық пен беттерде режимін сақтай отырып, алдын ала жазылу бойынша) келушілердің санын 50%-дан асырмай және 1 адамға 4 шаршы метр орын сакталған жағдайда, сауна қызметіне рұқсат беру;
- 20) КР БМСД-нің № 47- қаулыға 8-көсімшаның талаптары сакталған жағдайда, алдын ала жазылу бойынша, келушілердің санын 50%-дан асырмай және бір адамға 5 шаршы метрден кем емес қамтамасыз ету кезінде фитнес-орталықтардың, жаттығу залдарының (орталықтарының), спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметіне рұқсат беру;
- 21) (жанаспайтын термометрия жасай отырып, спорт базаларында орналасумен 30 адамдан артық емес) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығулар жасауға рұқсат беру;
- 22) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық ауада жеке және топтық жаттығуларды (5 адамдан артық емес) еткізуға рұқсат беру;
- 23) жске және топтық жаттығулар үшін спорт кемпіндерінің қызметіне 5 адамнан артық емес рұқсат беру;
- 24) аймақтарға бөлу талаптарын және күшайтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, медициналық орталықтардың (жазба бойынша) қызметіне рұқсат беру;

- 25) жұмыс күндері сағат 09:00 –ден бастап 18:00 –ге дейін, онлайн көрсетілмейтін қызметтері үшін сенбі күндері сағат 09:00 –ден бастап 14:00 –ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, «Казпошта» АҚ-тың қызметіне рұқсат еру;
- 26) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актілері негізінде уакыты мен санын шектей отырып, қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беру;
- 27) КР БМСД-нің № 47- қаулыға 17-көсімшага сәйкес күштілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сактай отырып, жобалық қуаттың 80% -ынан аспайтын туризм объектілері мен халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласында үйымдардың (қонақ үйлер, мейманханалар, демалыс үйлер, туристік базалалар, шипажайлық-курорттық мақсаттагы объектілер және т.б.) қызметіне рұқсат беру;
- 28) күштілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сактай отырып, өндірісі тоқтамай жүретін оперкасін көсіпорорындардың азық ауда құрылыш жұмыстарына, ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы қызметіне рұқсат ету;
- 29) (алдын ала жазылу бойынша, 1 адамға су бетінің 5 ш.м. есебінен жеке форматта) бассейндердің қызметіне рұқсат беру;
- 30) мәдениет объектілерінің (30 адамнан аспайтын жеке, тоғтық дайындықтар), кітапханалардың, мұражайлардың қызметіне рұқсат беру;
- 31) КР БМСД-нің №43- қаулысының талаптарын, бетперде режимін және әлеуметтік қашықтысты сактап, infokazakhstan.kz порталда тіркій отырып, келүүлдердің санын 50%-дан асырмай, бірақ 50 адамнан аспайтын кезде театрлардың қызметіне рұқсат беру;
- 32) КР БМСД-нің № 47- қаулыға 31, 38-көсімшаларға сәйкес, еркінші коргалатын табиги аумақтарда (мемлекеттік ұлттық табиги парктерде, корықтарда, резерваттарда және т. б.) жеке және үйымдастын топтар үшін 15 адамнан аспайтын, бетперде режимін және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сактай отырып экскурсиялық қызметке рұқсат бере отырып, баруға рұқсат беру;
- 33) сыйынта балалар саны 15 адамға дейін контингенті 5-тен 180 адамға дейінгі мектептердің, ата-аналардың өтініші негізінде 15 баладан аспайтын сыйынтардың жинақталуын сактаган кезде мектеп алған білім алушылары, 1-4 сыйын окушылары үшін кезекші сыйынтардың жұмыс істеуіне рұқсат беру;
- 34) аймақтардагы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМКК-нің қызметіне рұқсат беру;
- 35) ариайы, мамандандырылған үйымдардың, еркінші білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға ариалған ариайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының камкорлығының калған жетім балаларға ариалған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға ариалған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беру;
- 36) КР БМСД-нің № 50 қаулыға 2-көсімшага сәйкес алгоритмді сактай отырып, (кашыктық форматта өткізуге мүмкіндік болмайтын) оффлайн режимде көңестерді (отырыстарды) өткізуге рұқсат беру;

37) күштейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сактай отырып, бизнес-орталыктары, (сактандыру компания, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мұлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылар және т.б.) валюта айырбастау пункттері, ломбард жұмысын үйімдастыру;

38) когамдық көліктерде, такси көліктерінде, өндірістік аумақтарда, әүежайларда, аулалық ойын алаңдарында, азық-түлік және азық-түлік емес базарларда және басқа да когамдық орындарда санитариялық және дезинфекциялық өндөуді еткізу;

39) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің (бұдан әрі – ЕМСД қауымсы) қолданыстағы қаулыларына сәйкес шектеу іс-шараларының сакталуына мониторинг жүргізу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке санитариялық-карантиндік шараларды сактамайтын тұлғаларды тарта отырып, әкімдіктер жанындағы мобильді топтардың объектілерге іріктең тексеру жүргізу;

40) халыққа COVID-19 таралуының алдын алу бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

41) медициналық үйімдарда, карттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, саби үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оқалту орталыктарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантин режимі және санитариялық-дезинфекциялық режимді сактау;

42) COVID-19 (U07.1) және вирустық пневмония (U07.2) ауруларымен ауыратын науқастарға медициналық комек корсетуге тартылған инфекциялық және провизорлық стационарлар қызметкерлерін тұратын орынмен қамтамасыз ету;

43) әртүрлі медициналық үйімдардың медицина қызметкерлерін белек орналастырумен және тамақтандырумен қамтамасыз ету (әртүрлі үй-жайларда, олардың қарым-қатынас мүмкіндігін болдырмау);

44) бір медициналық үйімның әртүрлі белімшелерінің қызметкерлерін үй-жайларда болек орналастырумен және тамақтандырумен қамтамасыз ету;

45) үйден тыс тұратын инфекциялық және провизорлық стационарлар қызметкерлерінің COVID-19 (U07.1) және вирустық пневмония (U07.2) таралуының алдын алуға бағытталған орналастыру, тамақтану жағдайларын және басқа да іш-шараларды орындауды қамтамасыз ету;

46) қашықтықтан консультация беру мүмкіндігі үшін медицина қызметкерлерінің тұратын жерлерінде интернетке колжетімділікпен қамтамасыз ету;

47) «Үлттық сараптама орталығы» ШЖК-идагы РМК-ы Ақмола облысы бойынша филиалының вирусологиялық зертханасының қызметкерлерін тұратын орынмен және тамақтандырумен қамтамасыз ету;

48) медицина қызметкерлері үшін тұратын жерінен жұмыска дейін және кері бағытта әрбір медициналық үйім үшін көлікті қамтамасыз ету, кейіннен көлікті дезинфекциялау;

49) КР БМСД-нін №46-қаулыға 32-көсімшага сәйкес қауіпсіздік шараларын сактай отырып, COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2) қайтыс болған адамның мәйітін жерлеуді үйымдастыру үшін әрбір ауданда (қалада) бригада кұрылсын;

50) COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2) қайтыс болған адамдардың мәйіттерін тасымалдауға арналған автоколікпен, комуте катысатын адамдарға арналған жеке корғану құралдарымен қамтамасыз ету;

5. Ақмола облысы Денсаулық сактау басқармасының басшысы:

1) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариологиялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларының талаптарын орындауды;

2) тауарлар мән көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелеріне диагноз койылғаннан кейін 2 сағаттың ішінде COVID-19 (U07.1) және вирустық пневмония (U07.2) ауруларының әрбір жағдайына шұтыл хабарлама жіберуді;

3) ЖРВИ белгілерімен және COVID-19-га (U07.1) және вирустық пневмонияға (U07.2) күдікі науқастарды анықтау мақсатында аулаларды арашып шығуды;

4) ЖРВИ, пневмония белгілерімен және дене қызыы бар COVID-19-га күдікі науқастарға ПТР әдісімен зертханалық тексеру жүргізуі;

5) COVID-19 (U07.1) және вирустық пневмонияның (U07.2) асқынуын болдырмау мақсатында, халыққа уақытылы медициналық көмекке жүргізу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуі;

6) созылмалы аурулары бар, «Д» есепке алынған науқастарды ерекше есепке алуды;

7) эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, жүкті әйелдерге және балаларға, амбулаториялық бағдарламалық гемодиализ алғатын, онкологиялық және онкогематологиялық ауруларға, сондай-ақ емдеуді ауыстыру пациенттің өміріне қауіп тоңдіретін ауруларға шалдықкан пациенттерге жоспарлы медициналық комек көрсетуді жалғастыруды;

8) санитариологиялық-карантиндік талаптар қатаң сакталған жағдайда, кәсіпорындарға шығып, медициналық профилактикалық тексерулер жүргізу үшін емханаларда мобильді топтар құруды;

9) тауарлар мән көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау аумақтық басқармасының маманды болмаған жағдайда, мойітті тасымалдау және жерлеу кезінде биологиялық қауіпсіздік шараларының сакталуын бақылауды кестеге сәйкес бүйрекпен жауапты адамды бескіту жолымен МСАК мамандарымен қамтамасыз студі;

10) түрғылдықты жері бойынша медициналық бақылауда тұрган COVID-19 U07.1 және вирустық пневмония U07.2, сондай-ақ үй карантиніндегі науқастар арасында қашықтықтан мониторинг жүргізу үшін езінің хал-жайы туралы мәліметтерді «Дамумед» АЖ-і мобильді көсімшасына кажетті кезеңділікпен енгізу міндеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Өзінің хал-жағдайы туралы мәліметтерді сиңізуден бас тартқан немесе уақытылы сиңізбеген немесе үйдегі карантин жағдайын сактамаган кезде КР заңнамасына сәйкес әкімшілік

жауапкершілікке тарту үшін Ақмола облысының полиция департаментіне ақпарат жолдауды;

11) участекілік дәрігерлер «Дамумед» АЖ-сі арқылы байланыста болған адамдарга кашыктықтан мониторинг жүргізуді, байланыста болған адамның жайкүйі нашарлаган кезде тексеруді жүргізу үшін дәрігерлерді үйге шақыруды қамтамасыз етсін.

6. Ақмола облысы полиция департаментінің бағыты:

1) COVID-19 U07.1 және вирустық пневмония U07.2 расталған жағдаймен жақын байланыс ретінде қоршаған ортадан анықталған тұлғалар және ауру белгілері жок (*вирус тасымалдаушылары*) тұлғалар үйдегі карантин жағдайының сақталуын бақылауға жәрдемдесу;

2) қызметі рұксат етілген объектілерде карантин шарашарының, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылауға жәрдемдесу. Бұзушылықтар анықталған жағдайда, Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы кодексі негізінде тиесті әкімшілік шаралар қолдануын қамтамасыз етсін.

7. Тауарлар мен көреетілетіш қызметтердің есапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшылары:

1) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларының талаптарын орындауды;

2) COVID-19 және вирустық пневмониямен U07.2 ауыратын науқасты сұрастыруды;

3) онда тәуекел тобындағы адамдар (жүрек-қантамыр жүйесінін созылмалы аурулары, қант диабеті, метаболикалық синдром, бүйректің созылмалы ауруларымен ауыратын 60 жастан асқан адамдар, жұкті әйсідер) болмаған жағдайда белгілері жок вирус тасымалдаушылары ошактарын қоспағанда, эпидемиологиялық тексеру картасын толтыра отырын, COVID-19 және вирустық пневмония U07.2 жағдайларын эпидемиологиялық тексеру. COVID-19 U07.1 және вирустық пневмония U07.2 жағдайларын эпидемиологиялық тексеру мынаңда базымдықта жүргізу керек: ауру белгілері бар COVID-19 жағдайларының ошактары; ауру белгілері жок ағымымен COVID-19 жағдайларының ошактары; бінші ошактар. Пациент және байланыста болған тұлғалар туралы деректер Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің COVID-19 Веб-косымшасына енгізууді;

4) КР БМСД-нің №46- қаулыға ЗБ-косымшаға сәйкес үй карантиніндегі байланыста болған, сондай-ак олармен бірге тұратын адамдарға үйде оқшаулау (үй карантині) қағидаларын сактау қажеттілігі туралы қол қойтызып хабарлауды;

5) COVID-19 U07.1 және вирустық пневмониямен U07.2 ауыратын науқастар немесе байланыста болған тұлғалар үй карантинің сақтамаган жағдайлары анықталған кезде КР заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін Ақмола облысының полиция департаментіне ақпарат жолдауды;

6) COVID-19(U07.1) алдын алу шаралары туралы хатық арасында акпараттық-түсіндіру жұмыстарын күштейтуі;

7) санитариялық-карантиндік талаптардың шарттарын сақтамағаны үшін әкімшілік ықпал ету шараларын кабылдау;

8) медициналық үйімдердің «Дамумед» АЖ-і арқылы байланыста болған адамдарға қашықтықтан мониторинг жүргізуін бакылауды қамтамасыз етсін.

8. Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы, аудандар мен Көкшетау, Степногорек қалаларының әкімдері:

1) бұкарапалық акпарат және алеуметтік желілер арқылы 2 күн ішінде қосымша кабылданған шектеу шаралары туралы халыққа хабардар ету;

2) халыққа қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы жаднамалар, оның ішінде шұғыл және апарттық қызметтердің барлық кажетті байланыстарын көрсете отырып, шектеу іс-шаралары кезеңінде көшелерде қауіпсіздік шараларын, жүрістүріс ережелерін сактау туралы азаматтарға арналған нұсқаулықтар өзірлеу;

3) облыс тұрғындары арасында жұқтыру ошактарын оқшаулау және оның таралу қаупін азайту бойынша қабылданатын шаралар туралы бұкарапалық акпарат күралдарында акпараттық жариялау жүргізуін қамтамасыз етсін.

9. «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖК-нің Ақмола облысы бойынша филиалы Қазақстан Республикасы мен Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстагы қаулылары талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

10. №2- қосымшага сәйкес Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысының күші жойылды деп танылсын.

11. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын тиісті аумақтың, Ақмола облысының қалалары мен аудандарының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды қатаидату туралы шешім қабылдауга күкүлі.

12. Каулы меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұннадардың орындауы үшін міндетті.

13. Осы қаулының барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізу, халықты бұкарапалық акпарат және алеуметтік желілер арқылы хабардар ету.

14. Осы қаулының орындалуын бакылауды өзіме қалдырамын.

15. Осы қаулы қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты ұзарту және женілдету ықтималдығымен 2020 жылдың 16 қазандан сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.

Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері

А.Мусина

Ақмола облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігершің орынбасары
2020 жылдың 25 ғ 10
№ 125 қауысына
1-көсімша

**Шектеу іс-шараларын, опып ішінде карантинді сиғзұ кезеңінде объектілердің қызметін
кайта бастау**

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объекттің іске қосу сипаты	Ескертпе
Мемлекеттік органдар (хұйымдар), ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор органдарының, бизнес-орталықтары мен кенеслер	Казахстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылдың 26 маусымдағы № 43 қауысына (бұдан зерт - БМСД-нің № 43 қауысы) 1- көсімша	Хабарлама	
Онімнің бөлшек сауда орындары, үйдін жанындағы дүкендер	БМСД-нің №43- қауыла 5-көсімша	Хабарлама	
Тамак, ошмдерін көтерме және бөлшектеп сату обьектілері (азық-түлік базарлары) азық-түлік қоймагары	БМСД-нің №43- қауыла 5-көсімша	Объекттің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Көтермс және бөлшек сауда объектілері (азық-түлік емес базарлары)	БМСД-нің №43- қауыла 5-көсімша	Объекттің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем болатын белсек тұрган дүкендер, сауда желілері	БМСД-нің №43- қауыла 5-көсімша	Хабарлама	
Сауда алаңы 2000 және одан артық шаршы метр болатын белсек тұрган дүкендер, сауда желілері	БМСД-нің №43- қауыла 5-көсімша	Объекттің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Онлайн сауда обьектілері (интернет дүкендер, курьерлік қызметтер және т. б.)	БМСД-нің №43- қауыла 1-көсімша, 5-көсімша	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объекттеге қойылатын талаптар	Объекттің іске қосу сипаты	Ескертис
Автосалондар, автомобильдің қосалкы баланектері дүкендері және техникалық қызмет көрсету (вулканизация, антижүйе) шиномонтаж) станциялары	БМСД-нің №43- қаулыға 6-косымша	Хабарлама	
Қызмет көрсету саласы объектілері (сұдурық салондары, шаштараздар, косметологиялық қызмет көрсететіп объектілер (алдын ала жазылу бойынша), химиялық іззаттау, кір жуу орындары, үйымдастыру техникасын жөндеу)	БМСД-нің №43- қаулыға 7-косымша	Хабарлама	
Фитнес қызметін көрсету бойынша объектілер, спорт кешендері	БМСД-нің №43- қаулыға 8-косымша	Хабарлама	
Халықта қызмет көрсету (тиографиялық қызметтер, тігін ательєсі, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу сервисі) бойынша объектілер және езге де объектілер	БМСД-нің №43 -қаулыға 10-косымша	Хабарлама	
Халықта тұру бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілер (конакүйлер, отельдер)	БМСД-нің №43- қаулыға 11-косымша	Хабарлама	
Оуежайлардың және теміржол вокзалдарының қызметі	БМСД-нің №43- қаулыға 12-косымша	Объекттің сайкесіті туралы акт	Бару арқылы
Маусымдың ауыл шаруашылығы дағы жұмыстарына, табигат корғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы, оның ішінде ара шаруашылығы істараларына тартылған үйымдар мен қызметкерлердің қызметі	БМСД-нің №43- қаулыға 13-косымша	Хабарлама	
Мектепке дейінгі балалар үйымдары	БМСД-нің №43- қаулыға 14-косымша	Хабарлама	
Когамдық келіх	БМСД-нің №43- қаулыға 15-косымша	Хабарлама	
Жолаушыларға ариалмагаш жүк тасымалы, коліктік-экспедиторлық тасымалдау	БМСД-нің №43-қаулыға 1 -косымша және 25-косымша	Хабарлама	
СПА, массаж салондардың, моникалардың, сауналардың қызметі	БМСД-нің №43- қаулыға 16-косымша	Хабарлама	
Санаториялық-курорттық мақсаттагы объектілер, демалыс үйлері, туристік базалар	БМСД-нің №43- қаулыға 17-косымша	Хабарлама	
Ылтім беру, тұзғалу орталықтарының қызметі	№43 БМСДК-га 19-косымша	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объектілерге көйкілдігін талаптар	Объекттің іске косу сипаты	Ескерте
Тамак өнеркәсібі объектілері	БМСД-нің №43- қаулыға 25-көсімшама	Хабарлама	
Коғамдық тамақтану объектілері (білім беру объектілеріндеі тамақтануды қослағанда)	БМСД-нің №43 -қаулыға 21-көсімшама	Хабарлама	
Ұйымдастырылған ұжымдардағы, ас блоктарындағы коғамдық тамақтану объектілері (білім беру және тәрбиелеу ұйымдарындағы коғамдық тамақтану объектілерін қослағанда)	БМСД-нің №43 -қаулыға 21-көсімшама	Хабарлама	
Тамақ жеткізуіді жүзеге асыратын коғамдық тамақтану ұйымдары	БМСД-нің №43- қаулыға 22-көсімшама	Хабарлама	
Пенитенциарлық (қылмыстық атқару) жүйедегі мекемелер	БМСД-нің №43-қаулыға 24-көсімшама	Объекттің сайкестігі туралы акт	Бару арқыны
Әнеркөшілтік қосіпорындар мен өндірістік объектілер, оның ішінде нахтаптық әдіспен жұмыс істейтіндер, калдықтармен жұмыс істей саласындағы объектілер	БМСД-нің №43- қаулыға 25-көсімшама	Хабарлама	
Медициналық-әлеуметтік объектілер (каргтар, мугедектер үйлері, сабилер үйлері және басқатары)	БМСД-нің №43- қаулыға 26-көсімшама	Хабарлама	
Әнеркосметтік және индустріялық қосіпорындар құрылымы компаниялары (құрылымы салушылар)	БМСД-нің №43 -қаулыға 28-көсімшама	Хабарлама	
Автожанаармай қую станциялары және ЖЖМ көтермес сату	БМСД-пің №43- қаулыға 1-көсімшама және 5- көсімшалар	Хабарлама	
Гимараттарга қызмет көрсету объектілері (лифт, күзет қызметтері, гимараттарға қызмет көрсету ұйымдары және т. б.)	БМСД-нің №43- қаулыға 1-көсімшама	Хабарлама	
Коммуналдық шаруаттылық объектілері	БМСД-нің №43 -қаулыға 25-көсімшама	Хабарлама	
Денсаулық сактау объектілері (стоматологиялық клиникаларды қослағанда)	БМСД-нің №43- қаулыға 2, 31 және 34- көсімшалар	Хабарлама	
Стоматологиялық клиникалар	БМСД-пің №43- қаулыға 29-көсімшама	Хабарлама	
Дәрілік заттар мен медициналық бүйімдардың айналысы саласындағы объектілер (тариханалар, фармацевтикалық компаниялар)	БМСД-нің №43 -қаулыға 5-көсімшама	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объектілерге көйлілітін талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
Дәрілік заттар мен мединицалық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілер (фармацевтикалық анлірістер)	БМСД-нің №43- қаулыға 25-көсімша	Хабарлама	
Экскурсиондық қызметті жүзеге асыратын объектілердің кеңселері (туристердің үйімдастырылған топтары үшін экскурсиялар ұйымдастыру)	БМСД-нің №43- қаулыға 1-көсімша	Хабарлама	
Ашық аудағы аттракциондар	БМСД-нің №43- қаулыға 1-көсімша (II белгім)	Хабарлама	
Каржы нарыны объектілері	БМСД-нің №43- қаулыға 1-көсімша	Хабарлама	
Модернист объектілері (30 адамға дейін жеке жөне топтық дайындықтар)	БМСД-нің №43- қаулыға 9-көсімша	Хабарлама	
Фитнес қызметтің корсететін объектілер (бір келушіге кемінде 5 ш.м. камтамасыз ете отырып, алдын ала жазылу бойынша), спорт кешендері (30 адамға дейінгі топтар үшін оку-жаттығу процесін жүргізу)	БМСД-нің №43- қаулыға 8-көсімша	Хабарлама	
Діти объектілер	БМСД-нің №43- қаулыға 20-көсімша	Хабарлама	
Бассейндер (бір адамға су болінің 5 ш.м. есебінен)	БМСД-нің №43- қаулыға 16-көсімша	Хабарлама	
Грекие қорнаштын табиги аумактар (мемлекеттік үлттық табиги парктер, корыктар, резерваттар жөнде озгелері)	БМСД-нің №43- қаулыға 38-көсімша	Хабарлама	

Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
дәрігерінің орынбасары
2020 жылғы «15» ғ.
№ 125 қаулысына
2-қосымша

**Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
күші жойылған қаулыларының тізбесі**

1. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын одан әрі көзен-кезеңімен жөнілдешу туралы» 2020 жылғы 30 тамыздағы Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің № 109 қаулысы;
2. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын одан әрі көзен-кезеңімен жөнілдешу туралы» 2020 жылғы 30 тамыздағы Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің № 109 қаулысына изгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 18 қыркүйектегі Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №117 қаулысы;
3. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын одан әрі көзен-кезеңімен жөнілдешу туралы» 2020 жылғы 30 тамызданы Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің № 109 қаулысына озгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 18 қыркүйектегі Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №117 қаулысына озгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 19 қыркүйектегі Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №118 қаулысы.